Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудегі қиындықтар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың өсуіне жиі алып келеді. Осыған орай, кәмелетке толмағандар қылмыстық-құқықтық қорғауды қажет етеді. Мемлекет кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыра отырып, кәмелетке толмағандардың психологиялық және физикалық тұрғыдан дұрыс қалыптасуы мен дамуына қолсұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттермен күресе алады.

Автор кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаудың (ҚР ҚК-нің 140-бабы) қылмыстық-құқықтық белгілерін қарастыра келе, оны ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратады, қылмыстық норманы жетілдіруге байланысты ұсыныс жасайды.

Түйін сөздер: қатыгездік таныту, кәмелетке толмағандар, ата-аналар, қылмыстық құқық бұзушылық, саралау, тәрбиелеу, міндеттемені орындамау, міндеттемені тиісінше орындамау.

Байқадам А. ¹

*¹Магистрант I курса специальности БМ030100 – Юриспруденция Института истории и права
ҚазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан,*

Научный руководитель: Бижанова А.Р.

д.ю.н, старший преподаватель кафедры правовых дисциплин Института истории и права

К

азНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

**УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НЕИСПОЛНЕНИЕ ИЛИ
НЕНАДЛЕЖАЩЕЕ ИСПОЛНЕНИЕ ОБЯЗАННОСТЕЙ
ПО ВОСПИТАНИЮ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО**

Аннотация

Трудности в воспитании детей и подростков часто вызывают рост преступности среди несовершеннолетних. В связи с чем несовершеннолетние нуждаются в уголовно-правовой защите. Предусматривая уголовную ответственность за неисполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего, государство ведет борьбу с общественно опасными деяниями, посягающими на правильное формирование и развитие физической и психологической стороны.

Автор в статье рассматривает уголовно-правовые признаки неисполнения обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего (ст. 140 УК РК), его разграничения со смежными уголовными правонарушениями, дает рекомендации по усовершенствованию данной нормы.

Ключевые слова: жестокость, несовершеннолетний, родители, уголовное правонарушение, квалификация, воспитание, неисполнение обязательств, ненадлежащее исполнение обязательств.

A. Baikadam¹

¹master 1 year degree 6M030100-Jurisprudence of Institute of History and law of KazNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan

CRIMINAL RESPONSIBILITY FOR NONPERFORMANCE THE UNPROPER EXECUTION OF DUTIES ON EDUCATION MINOR

Abstract

In education of children and teenagers often causes the height of criminality difficulty among minor. In this connection the minor need criminal and legal defence. Envisaging criminal responsibility after nonperformance of duties on education of minor, the state can conduct a fight against publicly dangerous acts trenching upon the correct forming and development of physical and psychological side.

An author in the article examines the уголовно-правовые signs of nonperformance of duties on education of minor (item 140 the Criminal code of Republic of Kazakhstan), his differentiation's with contiguous criminal offences, gives to recommendation on the improvement of this norm.

Keywords: cruelty, minor, parents, criminal offence, qualification, education, nonperformance of

Әрбір кәмелетке толмаған адам кешенді құқықтар мен міндеттерге ие, сонымен қатар, ата-аналары және басқа да уәкілетті адамдардың тарапынан тәрбие алуға да құқылы. «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», деп бекітілген ҚР-ның Конституциясында (ҚР Конституциясының 27-бабы) [1].

Бала үшін отбасы маңызды институт, сол отбасында адамның рухани және физикалық тұрғыдан дамуының алғышарттары қалыптасады, баланың құқықтық, физикалық және психикалық қасиеттері қалыптасады. Кәмелетке толмағандар өздерінің аталған қасиеттерінің ерекшеліктеріне орай түрлі жағымсыз әсерлерге жиі шалдығады, ал бұл өз кезегінде олардың девиантты қасиеттерінің дамуының негізі бола алады. Өмірде өз балаларына жеткілікті дәрежеде қорғаныш бола алмайтын ата-аналар да кездеседі.

Бала құқықтарының қорғалуына көптеген халықаралық актілер кепілдік береді. Атап айтсақ, 1924 жылғы Бала құқықтарының Женева декларациясы, 1959 жылғы 20 қарашадағы Бас Ассамблея қабылдаған Бала құқықтары декларациясы, оның Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (атап айтқанда, 23 және 24-баптарда), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (атап айтқанда, 10-бап-

та), Біріккен Ұлттар Ұйымының жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізу жөніндегі («Пекин ережелері») Минималды қалыптық ережелері және Төтенше жағдайлар мен қарулы жанжалдар кезінде әйелдер мен балаларды қорғау туралы декларация ережелері.

Кәмелетке толмағандардың жеке бастарының қалыптасу үрдісіне қолсұғудың қоғамға қауіптілігі көптеген елдердің қылмыстық заңнамаларында кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке тарау ретінде қарастырудың қажеттігі адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін жауаптылық көзделген. Көп жағдайда, ҚР ҚК-нің 140-бабын қолданудағы қиындықтарды аталған қылмыстық-құқықтық норманың диспозициясында бағалаушы ұғымдардың кездесуімен, бланкетті норма болуымен байланыстырылады.

Отандық қылмыстық заңнаманың 140-бабы бланкетті норма болғандықтан да «тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы» ұғымына тоқталмаған, дегенмен де азаматтық нормативтік құқықтық актілер бұл ұғымды айқындайды.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 70-бабында (Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері) өз баласын тәрбиелеу ата-аналардың тек міндеті ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар екендігі

айтылады. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады [3].

Қылмыстық доктриналарда тәрбиелеу жұмыстарынан толығымен шеттелуі немесе, не толық емес көлемде қатысуы, сондай-ақ өз міндеттерін жартылай орындауын «міндеттерді орындамау» деп, қарастырылған.

А.Г. Мусейбова, міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамауды аз не ұзактау уақыт аралығында жүйелі түрде кәмелетке толмағандарды нормативті-құқықтық актілермен қарастырылған тәрбиелеуге байланысты міндеттердің барлығын не көпшілігін мойындамау, бұл міндеттерді орындаудан жалтару, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық және рухани дамуына, балалардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, оқуына, бос уақытына, айналысатын істеріне немқұрайдылық таныту түріндегі әрекетсіздіктер, деп түсіндірген [4]. Бұл анықтаманы міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамауға берілген жалпылама түсінік деуге болады.

А.Н. Ағыбаевтың, өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындауға мүмкіндігі бола тұра оны орындамау немесе әрекетсіздік жасау міндеттемені орындамау, ал өзіне жүктелінген міндеттерге салдыр-салақ, үстірт қарау міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындамау деп тануымен толық келісуге болады [5, 85 б.].

Халықаралық және отандық нормативтік актілерде де кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтың немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыратын өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің заңмен белгіленген тәрбиелеу жөніндегі міндеттерінің тізімі көрсетілмейді. Бірақ та балаларды тәрбиелеу барысында қатыгездік, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін түсіру, балаларды қорлау немесе қанау сынды іс-әрекеттерге баруларына жол берілмейді. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 24-бабына орай, ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті саналады. Сондай-ақ, кәмелетке толмағанның ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті болады [6].

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұ-

зушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы болса, ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекеме педагогтарының, тәрбиешілерінің және басқа да қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан не оның үйден немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз бетімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған баланы қадағалаусыз қалған бала, деп көрсетеді. Демек, жауапты тұлғалардың өздеріне жүктелінген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан бала қадағалаусыз қалады, ал бұл кәмелетке толмаған адамның криминалды топқа қосылуына оңай мүмкіндік тудырары анық. Алайда, заң «қадағалаусыз қалған баланы» «панасыз қалған бала» ұғымынан ажыратады. Панасыз қалған бала – тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала танылады. Кейбір еңбектерде бұл ұғымдарды шатастырып жатады. Құқық ғылымында қадағалаусыз қалған бала мен панасыз қалған бала ұғымдары бір үрдіс сатысы, «әлеуметтік аурудың» бірі ретінде қарап жатады. Ал Л.Д. Вишнепольская өз еңбегінде тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау жүйелі түрде жасалады, сонымен қатар, іс-тәжірбиеде қандай жағдайда міндеттерді орындамау, қай кезде тиісінше орындамау орын алатындығын ажырата алу қажет, деп есептейді [4].

Кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына ықпал ету ата-ананың моральға жат, заңға қайшы тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді қажет етуі мүмкін, тіпті кейде бір реттік болуы да ғажап емес. Заң шығарушы ҚР ҚК-нің 140-бабы нормасында қылмыстық іс-әрекеттің жүйелігін басты белгі ретінде танымайды. Тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамаудың жүйелі түрде, не онсыз жасалуы (бір реттік болуы) кәмелетке толмаған адамның санасына, мәдениетіне, отбасы болған жағдайда қалған отбасы мүшелеріне де тәуелді. Тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамаудың себебі түрлі

жағдаймен түсіндіруге болады. Мысалы, кәмелетке толмағандардың тұлғасын ересектердің өзінің квазипедагогикалық көзқарастарына сәйкестендіріп «тәрбиелеуі»; кәмелетке толмағандардың алдында өзінің күштілігін дәлелдеу, емін-еркін жүріп-тұра алуына кедергі болып тұрған кәмелетке толмағаннан арылу, өз-өзіне деген сүйіспеншілікті қанағаттандыру үшін; отбасында өзінің билігін орнату үшін және т.б. ниетте жасауы мүмкін.

ҚР ҚК-нің 140-бабының 1-тармағында қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесін арнайы қарастыруды заң шығарушы жөн санаған. Мұнда тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамаудың салдары материалдық зардап түрінде емес, құқыққа қайшы іс-әрекет түрінде көрінеді. Кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау ҚР ҚК-нің 140-бабының 1-тармағымен сараланады.

ҚР ҚК-нің 140-бабының 2-тармағында тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамаудың салдары қаралмаған, ол қылмыстық іс-әрекетті жасау әдісімен жасалынады. Яғни, кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соғуы онда қаралмаған.

Заңнамамен арнайылап тәрбиелеу жөніндегі міндет жүктелінген тұлғалардың кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындамауы немесе тиісінше орындамауы ҚР ҚК-нің 140-бабының 2-тармағымен сараланады.

Қатал қарауға – жасы толмаған баланы үнемі ұрып-соғу, сабау, қорқыту, аштықта, ыстықта ұстау, үрейін алу, нерв жүйелерін бұзу т.с.с. жатады [5].

Тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамаудың субъектісі ҚР ҚК-нің 140-бабында көрсетілгендей, ата-анасының немесе өзіне тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге

асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскері (мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметкерлері, орта мектептердің, кәсіптік-техникалық оқу орындарының, мектеп-интернаттардың және қиын балаларды тәрбиелейтін тәрбие мекемелерінің педагогтары, аурухана қызметкерлері және т.б.) танылады [5].

Іс-тәжірбиеде, бала тәрбиешісіне жас баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу міндеттері де жүктелінеді.

2018 жылдың ақпан айында Ақтөбе облысында ақыл-есі кем балаларға арналған мектеп-интернаттың тәрбиеленушісі 15 жастағы баланы тәрбиеші – Мәртөк ауданы Жайсан селосының 27 жастағы тұрғыны, ішкі тәртіпті бұзғаны үшін ұрған. Бұған дейін жәбірленуші Жайсаңдағы арнаулы мектеп-интернаттың өзге тәрбиеленушісімен шекісіп қалған екен. «Балаға қатігездік танытты» делінген тәрбиеші жұмыстан шығарылып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, облыстық кәмелетке толмағандар ісі бойынша мамандандырылған ауданаралық сотына жолданады. Кейін Мәртөк аудандық сотында қаралды. Сот үкімімен тәрбиеші Қылмыстық Кодекстің 140-бабының 2-бөлігі бойынша (кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамау) кінәлі танылып, 120 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылып, үш жылға педагогикалық қызметпен айналысу құқығынан айрылады [7]. Тәрбиелеу міндетін орындамау немесе тиісінше орындамау барысында қатыгездік танытудың салдарынан кәмелетке толмағанның денсаулығына зиян және де өзге де зиян келтірілсе, қылмыстық іс-әрекет жиынтық бойынша сараланады.

Кәмелетке толмағанға қатыгездік таныту балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қолсұғатын іс-әрекеттермен де ұштасуы мүмкін. Көп жағдайда іс-тәжірбиеде, балаға берілген жәрдемақыны ата-аналар мақсатқа сай емес, яғни оның тамағына, киіміне емес, спирттік ішімдікке жұмсайды. Немесе, ата-аналар жас нәрестені жүйелі түрде үйде қараусыз, тамақсыз, сусыз және жылусыз қалдырып жатады. Ата-аналар мұндай қылмыстық іс-әрекеттер үшін ҚР ҚК-нің 141-бабымен (Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау) қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Мұнда жас баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қызметі бойынша осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындайтын немесе мұндай міндеттерді өзіне ерікті түрде алған адамның тиі-

сінше орындамағаны үшін жауаптылық қарастырылады. Субъективті жағынан қылмыс абайсызда жасалады.

Ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адамның кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартуын (ҚР ҚК-нің 132-бабының 2-тармағы. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту) кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауынан (ҚР ҚК-нің 140-бабы) ажырата алған жөн. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамауының салдарынан кәмелетке толмаған қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық жасайды. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі (ҚР ҚК-нің 140-бабының) қасақана тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамайды немесе тиісінше орындамайды, яғни міндеттерін біледі, оны бұзады, бірақ та олардың санасында балалардың қылмыстық құқық бұзушылыққа баруына тарту орын алмайды. Ал кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартуда ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам кәмелетке толмаған адамның қылмыс-

тық құқық бұзушылықтарға баруын тілейді, оған саналы түрде жол береді.

Қылмыстық норманың диспозициясында кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы кәмелетке толмағанның қылмыс белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соғу жағдайы қарастырылады. Мұндағы «қылмыс белгілері бар іс-әрекеттер» ұғымы қылмыстың онша ауыр емес, орташа, ауыр және аса ауыр санаттарын қамтиды. Тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаудың кәмелетке толмаған адамды оның ауыр, аса ауыр қылмыстарды жасауына әкеп соғуы фактісі ҚР ҚК-нің 140-бабының 1-тармағымен қамтылған «кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соғу фактілерімен қатар қаралады. Яғни қылмыстық іс-әрекеттің салдары қауіптілік деңгейінің әркелкі болғанына қарамастан бір деңгейді құрайды.

Сондықтан да, тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау салдарының ауырлығын ескере отырып, ауыр және аса ауыр қылмыс белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамауды дара саралаушы белгі ретінде танып, сәйкесінше жазаның деңгейі ҚР ҚК-нің 140-бабының 1-тармағындағы жазадан ауырлау, ал 2-тармағындағы жазадан сәйкесінше жеңіл болып, ҚР ҚК-нің 140-бабының 1-1-тармағымен саралануы қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылы 3 шілдеде, №226-V қабылданған (өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
4. Вишнепольская Л.Д. Неисполнение или ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего как признак статьи 156 Уголовного кодекса Российской Федерации // <https://scienceforum.ru/2012/article/2012001458>
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім.-Алматы: Жеті жарғы, 2000.-520 б.
6. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>.
7. Ақтөбеде бала ұрған тәрбиеші қоғамдық жұмысқа жегілді. 19/4/2018, ең көп көрілген 143 Құқық /Жансая Есмағанбет // <http://kerек-info.kz/kukyk/4886-atbede-bala-ran-trbiesh-oamdy-zhmysa-zheglld.html>

МНРТИ: 10.77.91

УДК: 343.2/7(4/9)

Н.Б. Калкаева ¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: nesibeli77@mail.ru

ШЕТЕЛ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеу мәселелерін зерттеуде, қылмыстық құқық ғылымы мен заңды қоғамдастықтардың арасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселелер өзектіге айналып отырғандығы айтылады. Бұл мәселенің өзектілігі сол, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізудің жақтаушылары да, қарсыластары да бар. Оның ішінде Республика көлеміндегі ғалымдардың арасында қылмыстық жауаптылықты енгізуге қарсылық білдірушілер асып түседі. Біздің ойымызша, экономикалық өрлеудің арқасында түрлі меншіктегі заңды тұлғалардың көбеюі және олардың қоғамдық өмірдегі беделінің өсуі олардың қызметтерін қатаң реттеу мен бақылау қажеттілігі пайда болды. Шындығында Қазақстанда қалыптасқан жағдайлар – заңды тұлғалардың экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылығын белгілеудің орынды екендігін айғақтайды.

Заңды тұлғалардың қасақана немесе абайсыздықта істеген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтары, егер ол халықтың денсаулығына ауыр зардап әкелетін болса, елеулі түрде экономикалық немесе экологиялық зиян келтіретін болса, сондай-ақ олар қоршаған ортаның ластануы немесе табиғат қорларын пайдалану жөніндегі мәліметтік есепті бұрмалайтын болса қылмыстық жауаптылық белгілеуді мақаладағы көтеріліп отырған өзекті мәселе. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық шараларының бірі ретінде, экологияға зияны бар өндіріс жұмысын тоқтата тұру немесе оларды толығымен жабу және жоғары мөлшердегі ақшалай айыппұл салу керектігі көтеріліп, тереңінен зерттелген.

Түйін сөздер: заңды тұлға, қылмыстық жауаптылық, акционерлік қоғам, корпорация, кәсіпорын, ұйым, реорганизация, ликвидация, қылмыстық құқық бұзушылық, шарушылық қызмет.

Калкаева Н.Б. ¹

¹к.ю.н., ассоциированный профессор кафедры Юриспруденции Института истории и права
КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан,
e-mail: nesibeli77@mail.ru

УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

Аннотация

В статье уделяется внимание на то, что основным побудительным мотивом для признания уголовной ответственности юридических лиц в Казахстане стала необходимость борьбы с экологическими и хозяйственными преступлениями, поскольку, как выяснилось, индивидуальная ответственность служащих корпораций не может даже в малой степени возместить причиняемый ущерб и предупредить совершение новых аналогичных правонарушений. В частности, рост экономической преступности выделил проблему привлечения к ответственности лиц, причастных к совершению правонарушений, связанных с хозяйственной деятельностью. Большое число таких правонарушений совершается в ходе ведения хозяйственной деятельности предприятием. Сложная структура управления предприятиями зачастую делает сложной, а то и невозможной идентификацию лиц, которые действительно причастны к совершению правонарушений.

Даже в тех случаях, когда оказывается возможным определить служащего предприятия, ответственного за совершение правонарушения, прямое доказательство причастности высшего руководства к правонарушению может оказаться сложным. Более того, говорится в данной статье, каждое отдельное правонарушение может являться результатом отдельных решений, действий или бездействия различных лиц, хотя они и соответствуют общей атмосфере, создаваемой руководством предприятия. В таких случаях применение санкций к отдельному лицу может оказаться недостаточно эффективной мерой для предотвращения совершения предприятием правонарушений и не заставит правление предприятия или его членов реорганизовать систему контроля. Не последнюю роль

играют принципы принятия коллективного решения, в частности, общее собрание акционерного общества, что не всегда позволяет привлечь к ответственности физических лиц

Ключевые слова: юридическое лицо, уголовная ответственность, акционерное общество, корпорация, предприятие, организация, реорганизация, ликвидация, контроль, уголовное правонарушение, хозяйственная деятельность.

N.B. Kalkayeva¹

¹ Candidate of Law Sciences, the associated professor Chair of jurisprudence of Institute of history and law of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nesibeli77@mail.ru

CRIMINAL LIABILITY OF LEGAL ENTITIES IN CRIMINAL LAW OF FOREIGN COUNTRIES

Abstract

In article the attention that need of fight against ecological and economic crimes as as it became clear, the individual responsibility of the serving corporations can't even indemnify the caused loss in small degree became the main incentive motive for recognition of criminal liability of legal entities in Kazakhstan is paid and prevent making of new similar offenses. In particular, growth of economic crime allocated a problem of accountability of the persons involved in making of the offenses connected with economic activity. The large number of such offenses is made during conducting economic activity by the entity. The difficult management structure often does by the entities difficult, and even impossible identification of persons which are really involved in making of offenses.

Even when it is possible to determine the serving entity responsible for making of an offense, the conclusive proof of participation of the top management in an offense can be difficult. Moreover, it is told in this article, each separate offense can be result of separate solutions, actions or failure to act of various persons though they also correspond to the general atmosphere created by a management of the entity. In such cases application of sanctions against the individual can be insufficiently effective measure for prevention of making of offenses by the entity and won't force board of the entity or its members to reorganize the control system. Not the last role is played by the principles of adoption of the collective decision, in particular, general meeting of joint-stock company that not always allows to make responsible physical persons

Keywords: legal entity, criminal liability, joint-stock company, corporation, entity, organization, reorganization, liquidation, control, criminal offense, economic activity.

Бүгінгі күні әлемдегі ірі дамыған елдердің құқықтық жүйесінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институты кездеседі. Заңды тұлға сияқты қылмыстың жаңа субъектісі ол елдердің қылмыстық құқығында жайдан-жай пайда болмай, бірнеше жылдар, тіпті ғасырлар бойы қалыптасып, әртүрлі кезеңдерден өтіп, сол елдердің қылмыстық құқығынан орын алған.

Жалпы құқықтық елдерде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық институты 200 жыл бойы өмір сүріп келеді. Бұл елдердің қылмыстық құқығында жоғарыда айтылған институтқа байланысты даулы мәселе қолдау тауып, біртұтас шешімге келуі керек. Бірақ, іс жүзінде олай емес. Корпорацияның жеке тұлғалар, яғни директор, басқару кеңесі, қызметкерлер және тағы басқалар арқылы әрекет етуі даудың қайнар көзі ретінде табылып отыр. Яғни, қылмыс субъектісінің қылмыстық құқықтық мәртебесі, себепті байланыс пен кінә мәселесі[1].

1989 жылы компаниялар туралы заңда корпорация қылмыстық жауаптылыққа толық тартылды деп регламенттелген. Онда корпорация дирек-

торының, басқарушысы, хатшысы, яғни корпорация атынан әрекет ететін адамның қылмысқа жол берушілігі арқылы жасалған корпорация әрекеті дәлелденген болса, онда ол әрекет корпорация әрекетіне теңдестіріліп сотқа беріледі және жазаланушылыққа жатады. Бұл норма корпорация оның мүшелерімен басқарылатын кезде және олардың қызметі басқару функцияларымен байланысты болса ғана оның мүшелерінің әрекеті мен әрекетсіздігіне де қолданылады[2].

Сонымен, ағылшын қылмыстық құқығында корпорация жеке әрекет ететін немесе әрекетсіздік арқылы мүшелерінен өзгешеленетін тұлға.

Ағылшын сот практикасында корпорация мүшелері, яғни қызметкерлер корпорация арқасында жауаптылықтан жасырынған кезі болмады. Оларды өздері жасаған қылмыстық әрекеті үшін жауаптылыққа тартуға болады. Соттар корпорацияны заңмен белгіленген міндеттерін орындамағаны үшін, яғни, фабрика басшысының станоктарды қоршау, жалдаушы міндеттерін анықтау мәселесін, денсаулық сақтау немесе корпорация қа қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін орындамаға-

ны үшін жауаптылыққа тартады.

XIX ғасырдың ортасында заңмен корпорация иесіне немесе жалға алушысына белгіленген міндеттерін орындамағаны үшін корпорация қылмыстың басқа субъектілері сияқты жауаптылыққа тартылатын болды.

1996 жылғы Лордтар палатасының Associated Octel Ltd [3] ісі бойынша шешімі 1974 жылғы “Өндірісте денсаулық және қоғамдық қауіпсіздікті сақтау туралы” (Health and Safety etc7 Act) заңының 73-бабына сәйкес барлық кәсіпорынды жалдаушыларға кәсіпорынды басқарумен қатар, өндірістік қызметтің нәтижесінде кәсіпорында жұмыс жасамайтын адамдардың да денсаулығы мен қауіпсіздігін тәуекел етпеу міндеті жүктелгенін таныды. 1974 жылғы заңның 33-бабының 1-бөліміне сәйкес аталған міндетті орындамау қылмыс болып табылады. Лордтар палатасы осы бапқа сәйкес корпорация бұл қылмысты жасағаны үшін субститутивтік емес, тікелей жауаптылықта болады деп таныды. Өйткені, сот отырысының пәні ретінде танылып отырған өндірістік қызмет кәсіпорын жалдаушының қызметінің бір бөлігі және жалдаушының өзіне жүктелген міндеттерін орындамауына байланысты болып отыр.

Мұндай заңды жағдай мердігердің өндірістік қызметімен байланысты болса осындай болар еді. Басқа жағдайлардан айырмашылығын айтатын болсақ, корпорацияның жауаптылығын шешкен кезде корпорация қызметкерінің әрекет немесе әрекетсіздік жасау фактісін анықтаудың бұл жағдайда ешбір қажеті жоқ.

Сот тәжірибесінде корпорацияның өзінің қызметкерлері үшін субститутивтік жауаптылығына байланысты қиыншылықтар көп кездеседі. Яғни, жеке тұлғаның ғана жасайтын әрекетін қоспағанда. Бұл жағдайда корпорация емес, жеке тұлға ғана субститутивтік жауаптылыққа тартылады. Егер салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, онда заң қатаң жауаптылықты көздейтін қылмыстар үшін бұл жағдай корпорацияны жауаптылыққа тартуға негіз болып табылады.

1944 жылдан бастап заңды тұлғаны заңды маңызы бар *mens rea*, яғни кінәсіздердің болуына тәуелсіз қандай да бір қылмыс үшін қылмыстың орындаушысы немесе қатысушысы ретінде жауаптылыққа тартуға мүмкіндік туды. Бұл қылмыстық құқық туралы заңның жобасының 30-бабында тұжырымдалған “теңдестіру принципінің” негізінде мүмкін болды[4].

Заңды тұлғаларға қарағанда коммерциялық емес ұйымдар, яғни, мекеме, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қор өз мүшелерімен дербес заңды тұлға болып табылмайды. Мысалы, мекеме жалпы

құқық нормасына сай қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Ал оның мүшелері қылмыстың орындаушысы немесе айдап салушысы ретінде жалпы норма бойынша жауаптылыққа тартылады. Коммерциялық емес ұйым оның мүшелерінің жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындығы даусыз. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қылмыстық жауаптылығын реттейтін құқық нормаларының ұқсастығына қарай мынадай үш жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылады:

1) субститутивтік жауаптылықтың жалпы принциптерін қанағаттандыратын жағдайдың болуы;

2) мүшелерінің әрекеттері үшін коммерциялық емес ұйымды тікелей жауаптылыққа тартудың мүмкіншілігінің болуы;

3) *alter ego*, яғни мекеменің белгілі бір істері бойынша басқарушылық функцияны мекеме өз мүшесіне тапсырған болса. Сонымен, коммерциялық емес ұйымның жеке мүшесінің әрекеті мен есінің болу жағдайы коммерциялық емес ұйымды тікелей қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз бола алады. Басқа жағдай “жай қызметкерге” байланысты оның әрекеті мен есінің дұрыстық жағдайы оның қызмет етіп жүрген коммерциялық емес ұйымын қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болмайды.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институты жан-жақты зерттеліп, әртүрлі даму кезеңдерінен өткен мемлекет ол - Франция. Бұл елдің 1992 жылы қабылданған Қылмыстық кодексіне сәйкес заңды тұлғалар кейбір жағдайларда жеке тұлғалармен қатар қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Революцияға дейінгі француз құқығына кейбір бірлестіктердің қылмыстық жауаптылығы таныс еді. Оларға әртүрлі ассоциациялар, корпорациялар және тіпті белгілі бір аумақта тұратын адамдардың ерекше бірлестігі ретінде қалалар да жатқызылады.

XVIII ғ. аяғында Ұлы Француз буржуазиялық революциясы өзінің мақсаты ретінде жеке бостандық пен жауаптылықтың жеке даралығы принципін қамтамасыз етуді алға ұстады. Сөйтіп бірлестіктердің қылмыстық жауаптылығын Француз қылмыстық құқығынан алып тастады. Сондықтан 1810 жылғы Франция Қылмыстық кодексінде заңды тұлғалардың жауаптылық мәселесі туралы айтылмаған. Сонымен қатар Францияда әртүрлі қоғамдардың қылмыстық жауаптылығы жанама түрде басқа қылмыстық-құқықтық актілермен қарастырылды. Бүгінгі күні олардың барлығы күшін жойған, бірақ олардың бұрын болғаны туралы фактінің өзі көрсеткіш болып табылады. Франция

тарихында 1810 жылдан кейін әртүрлі бірлестіктерге тек қана жанама емес, сонымен қатар тікелей қылмыстық жауаптылық көздейтін жағдайлар болды. 1957 жылы күшін жойған 1810 жылғы Франция Қылмыстық кодексінің 428-бабына сәйкес әдеби шығармаларға байланысты құқықтарды бұзғаны үшін өз театрларында әдеби шығармаларды заңсыз түрде қойғаны үшін кез келген әртістер ассоциациясы қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс[5].

XX ғасырдың II жартысында Француз заңгерлері заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы мәселесіне қайта оралды. Бірақ бұл жолы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын қолдаушылар өздерінің қарсыластары тарапынан өте үлкен қарсылыққа тап болды. Атап айтсақ, қарсыластарының көлденең қойған аргументі – ол қылмыстық жауаптылықтың жеке-даралығы принципі. Заңды тұлғалардың жауаптылығын қолдаушылар өздерінің қарсыластарының бұл аргументін өте орынды деп бағалады.

1980 жылдардың аяғында Францияның жаңа Қылмыстық кодексін талқылау барысында туындаған бұл пікірталас өз жемісін берді және заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының туындауының негізгі алғышарттарын жасап шығумен аяқталды.

1992 жылғы Францияның Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылыққа мемлекеттен басқа кез келген заңды тұлға тартылуы мүмкін. Бұл жерде қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін заңды тұлғаларды біз шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Бірінші кезекте бұл жеке құқықтағы заңды тұлғалар. Мысалы, коммерциялық қоғамдар, ассоциациялар, қорлар және т.б. азаматтық-құқықтық бірлестіктер. Сонымен қатар жауаптылыққа жасалған әрекетке Франция соттарының юрисдикциясы тарайтын кез келген шетелдік жеке құқық заңды тұлғалар да тартылуы мүмкін. Бұл заңды тұлғалардың бірінші тобы. Ал екінші топ жария құқықтың заңды тұлғаларынан тұрады. Франция Қылмыстық кодексінің алғашқы жобаларына заңды тұлғалардың бұл түрі енбей қалған болатын. Бірақ аталған мәселені заң шығарушы органдарда талқылау нәтижесінде қылмыстық жауаптылық жария құқықтағы заңды тұлғаларға да қолданылатын болды.

Франция Қылмыстық кодексі бойынша заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы міндетті мына шарттарға байланысты туындайды:

1) қылмыстық іс-әрекет (әрекетсіздік) заңды тұлғаның пайдасына жасалуы тиіс;

2) заңды тұлғаның басшысы немесе өкілі арқылы жасалуы тиіс.

Жасалған қылмыстық әрекеттің заңды тұлғаның “пайдасына” жасалуы заңды тұлға қылмыстық әрекеттен ірі мөлшерде пайда табады. Бұл жерде мүліктік пайда туралы айтылып отыр. Бірақ Франция Қылмыстық кодексі бойынша заңды тұлға басқа да мақсаттар үшін жауапқа тартылуы мүмкін. Мысалы, заңды тұлға террористердің саяси және діни мақсатындағы террорлық әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығының басты шарты – қылмыстық әрекетті заңды тұлғаның басшысы немесе өкілімен жасалуы керек. Нормативтік актілерге және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның өкілі болып табылмайтын қатардағы қызметкерлер, техникалық қызметкерлер сияқты тұлғалардың қылмыстық әрекеті заңды тұлғаның пайдасына жасауы, заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығына әкеп соқпайды.

Францияда заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы кез келген қылмыстық әрекетке емес, тек нормативтік актіде көрсетілген қылмыстарға ғана туындайды. Франция Қылмыстық кодексіне сәйкес заңды тұлға келесідей қылмыстары үшін ғана жауаптылыққа тартылады: адамзатқа қарсы қылмыстар үшін, есірткі заттарын заңсыз тарату, адамдарға тәжірибе жүргізу, жеке өмірге қол сұғу, жалған ақпарат тарату, компьютерлік қылмыстар, терроризм, жалған ақша шығару, дискриминация, жеңгетайлық, ұрлаудың барлық түрі, қылмыстық топтарды құру, сенімге қиянат жасау. Заңды тұлғаның басшысы немесе өкілімен заңды тұлғаның пайдасына жасалған жоғарыда аталған кез келген қылмыс үшін жауаптылық туындайды.

Қылмыстық және түзеу санкцияларына мыналар жатады:

1) айыппұл;

2) 131-39 бапта көрсетілген жағдайларда қолданылатын санкциялар. Заңды тұлғаларға салынатын айыппұлдың максимал сомасы заңмен жеке тұлғаларға дәл сол қылмыстық әрекетті жасағаны үшін салынатын айыппұлдың 5 есе сомасынан кем болмауы керек 131-39 бабына сәйкес заң шығарушы өз қалауы бойынша заңды тұлғаның жасаған қылмысы үшін төмендегі көрсетілген жазаның біреуін немесе бірнешеуін қолданады:

1) Тарату (Ликвидация) – егер заңды тұлға өзінің қызметінің алдына қойған мақсатынан қылмыс жасау үшін бас тартты деп айып тағылса немесе заңды тұлға қылмыс немесе құқыққа қайшы әрекет жасағандығы үшін, егер ол қылмысты жеке тұлға жасаса да 5 жылдан жоғары түрмеге қамауға алатындай жазаланатын болса қолданылады.

2) Тыйым салу – өмір бойы немесе 5 жыл мерзімге тікелей немесе

жанама бір немесе бірнеше кәсіпкерліктің түрлерімен айналысуға салынады.

3) 5 жыл мерзімге сот қадағалауына беріледі.

4) Жабылу – қылмыс жасады деп айып тағылған кәсіпорынды өмір бойға не 5 жыл немесе одан да көп мерзімге жабу.

5) Айыру — мемлекеттік ұйымдармен шарт жасасу құқығынан 5 жыл немесе одан да көп мерзімге айыру.

6) Тыйым салу — халықтан қандай да бір қор жинауға 5 жыл

немесе одан да көп мерзімге тыйым салу.

7) Тыйым салу — 5 жыл немесе одан да көп мерзімге чекті көрсеткен адамға шоттан ақша со-

масын алуға құқық беретін чектен басқа чектер шығаруға тыйым салынады.

8) Қылмыстық әрекетті жасауға арналған немесе қылмыстық әрекеттен алынған затты тәркілеу.

9) Соттың қаулысын бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа құралдарында жариялау.

Осылайша заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық институты ұзақ уақыт қалыптасып, әртүрлі тәжірибелерден өтуінің нәтижесінде осындай жауаптылықтың туындауының шарттары жасалып және қылмыстық құқықтың жаңа субъектілерінің арнайы жазаларының жүйесі құрылды.

Бүгінгі күні Францияның сот тәжірибесі заңды тұлғалардың жеке тұлғалармен бірге емес, өзінің жеке жауаптылыққа тартылуын қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Никифоров А.С. *Юридическое лицо как субъект преступления и уголовной ответственности.* – М.:АО "Центр ЮрИнфоР", 2002. – 204с.

2. Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. *Современное американское уголовное право.* – М., Наука, 1990. – 256 с.

3. Есаков Г. А., Крылова Н. Е., Серебренникова А. В.. *Уголовное право зарубежных стран.* – М., 2009. – 336 с.

4. *Law Commission: A Criminal Code for England and Wai's (1989)7/ Law Com No. 177.*

5. Франция: *Правосудие //Российско-Французская серия В "Информационные учебные материалы".* – 1995. – №38

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС
CRIMINAL PROCEEDING**

УДК: 343.13
МРНТИ: 10.79.41

Т.Қалитова¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты 2 курс студенті,
e-mail: tolkyn_ktl@mail.ru*

*Ғылыми жетекші: Б.Х. Толеубекова – з.ғ.д., профессор, Абай ат.ҚазҰПУ,
Тарих және құқық институты Алматы қ., Қазақстан
e-mail: madina_khv@mail.ru*

**ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық-процестік заңнамасына анализ жасай отырып, жасырын тергеу әрекеттері туралы түсінік беру көзделген. Әсіресе, жаңа қылмыстық-процестік кодекс бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздеріне енгізілген өзгертулерді, яғни, оның бұрынғы күйі қалай болды және де қазіргі жағдайының қалай жүргізілетінін көрсету мақсаты алға қойылған. Мақсатқа жету барысында анализ, синтез, құқықтық-салыстырмалы әдіс, тарихи-құқықтық әдістер қолданылды.

Түйін сөздер: қылмыстық іс жүргізу, жасырын тергеу әрекеті, сотқа дейінгі процесс, тергеу судьясы

Калитова Т. ¹

*¹магистрант 2-курса Института истории и права КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан,
e-mail: tolkyn_ktl@mail.ru*

*Научный руководитель: Толеубекова Б.Х. – д.ю.н., профессор Института истории и права
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: madina_khv@mail.ru*

**НЕГЛАСНЫЕ СЛЕДСТВЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ
В УГОЛОВНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ**

Аннотация

В статье представлено толкование нового уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан о негласных следственных действиях. В частности, в новом Уголовно-процессуальном кодексе содержатся нормы об условиях и основаниях для проведения негласных следственных действий. Для достижения цели использовались такие методы как анализ, синтез, сравнительный и историко-правовые методы.

Ключевые слова: уголовное производство, негласные следственные действия, досудебный процесс, следственный судья.

T. Kalitova¹

¹master degree's student of 1 course of Institute of history and the laws of KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tolkyn_ktl@mail.ru

Scientific supervisor: B.Kh. Toleubekova – doctor of law, professor in Institute of history and law of KazNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan, e-mail: madina_khv@mail.ru

INFORMAL INVESTIGATIVE ACTIONS AS A PROCESS FOR PRE-TRIAL CRIMINAL PROCEEDINGS

Abstract

The article provides for the interpretation of the new criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan on secret investigative actions. In particular, the new Criminal Procedure Code sets forth amendments to the conditions and grounds for conducting covert investigative actions, namely, what is its past condition and its current status. When the goal was achieved, methods were used as analysis, synthesis, legal and comparative, and historical and legal methods. In particular, the concepts of Kazakh judges, lawyers or authors working in this field were described.

Keywords: criminal case, informal investigative actions, pre-trial process, investigative judge

Кіріспе

Мақаланың өзектілігі. Жасырын тергеу әрекеті өзінің аты айтып тұрғандай тергеу әрекеті жасырын, құпия түрде өтеді. Сондықтан азаматтардың құқықтарын қорғау мәселесіне келген кезде біраз қарама-қайшылықтардың алдын алудың маңыздылығын ескерген жөн. Бұл мәселе қылмыстық процестегі жасырын тергеу әрекетін жан-жақты зерттеу қажеттілігін көрсетіп тұр. 2014 жылы Қазақстан Республикасында жаңа қылмыстық-процестік кодекс қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан қана бастап қолданысқа енгізілген болатын. Бұл кодекске кірген жаңа ұғымдардың бірі – жасырын тергеу әрекеті. Ұғымның жаңашылдығы оның толыққанды зерттелуін қажет етеді.

ҚР ҚПК 7 бабының 12 тармақшасына сәйкес жасырын тергеу әрекеті дегеніміз – қылмыстық-процестік кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда сотқа дейінгі іс жүргізу барысында өздерінің мүдделеріне қатысы бар қылмыстық процеске тартылған тұлғаларға хабарламай жүргізілетін әрекет [1]. Бас әскери прокурордың көмекшісі әділет полковнигі Тимур Құндықбаевтың айтуынша жасырын тергеу әрекеттері ойда жоқта пайда болған жоқ, ол 1994 жылдың 15 қыркүйегінде қабылданып, қолданыста жүрген «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңынан алынып отыр, яғни қылмыстық істер бойынша өткізілетін жедел-іздестіру шаралары процессуальды рәсімделген жаңа тараумен толықтырылып, «жасырын тергеу әрекеттері» санатына ауысып отыр [2]. Сонда жасырын тергеу әрекетін ескі заңнан алынып, жаңартылған не жетілген ұғым деп айтсақ болады.

Мақаланың мақсаты. Зерттеу жұмысының

мақсаты жаңа қылмыстық процестік заңнамаға анализ жасай отырып, жасырын тергеу әрекетінің болмысын ашу. Мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысы келесі міндеттерді айқындайды.

а) Жасырын тергеу әрекеті ұғымының мәні мен оның түрлері;

б) Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздеріндегі өзгерістер;

с) Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі азаматтардың құқықтары.

Әдістемелік негізі. Жұмысты жазу барысында мынандай әдістер қолданылды: анализ, синтез, құқықтық-салыстырмалы әдіс, тарихи-құқық әдіс.

Негізгі бөлімі.

1. Жасырын тергеу әрекеттері қазіргі қолданыстағы ҚР ҚПК 30 тарауды, 231-251 баптарды құрайды. Жаңа Қылмыстық процессуалдық кодексте жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері көрсетілген, бірінші, адамды немесе орынды жасырын аудио және бейне бақылау, екінші, электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу, үшінші, абоненттер немесе абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу, төртінші, компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу, бесінші, пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау, алтыншы, орынға жасырын кіру немесе оны тексеру, жетінші, адамды немесе орынды жасырын байқауға алу, сегізінші, ҚР 3.07.2017 ж. №84-VI Заңымен алынып тасталды, тоғызыншы, жасырын бақыланатын сатып алу, оныншы, жасырын

ендіру немесе қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады.

Тергеуші не анықтаушы жасырын тергеу әрекетін жүргізілуі қажет деп тауып, анықтау органына тиісті тапсырма береді. Жасырын тергеу әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның не осы Кодексте тиісті қаулы шығаруға уәкілеттік берілген өзге лауазымды адамдардың уәжді қаулысы негізінде тергеу судьясының, соттың санкциясымен жүргізіледі. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы шығарылғанынан кейін жиырма төрт сағат ішін көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге тергеу судьясына ұсынылады. Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған жағдайларда, қаулыны белгіленген мерзімнен асырып, бірақ жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде қарауға жол беріледі. Жасырын тергеу әрекетін санкциялау барысында берілген ақпараттың анықтығына күмән болған кезде, тергеу судьясы қаулыны санкциялап, жиырма төрт сағат ішінде оның заңдылығын процестік прокурордың тексеруіне бастама жасауға құқылы. Процестік прокурор бес тәулік ішінде тиісті тексеру жүргізіп, оның нәтижелері туралы тергеу судьясын хабардар етуге міндетті. Санкциялануға жататын жасырын тергеу әрекеті отыз тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі. А.Н. Ахпанов пен А.Л. Ханның зерттеулері бойынша қаралып жатқан заңда сотқа дейінгі тергеу барысында уәкілетті орган прокурордың құзыретіне тергеу судьясының құзырына толығымен берілетінін атап өткен жөн. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) тармақшасының 1) тармақшасы және «жедел-тергеу қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 2) тармақшасы бойынша прокурорға тек санкция беру құқығын ғана қалдырады. 4. 12-бап, ол көбінесе алдын ала тергеу шеңберінде қамтылмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қазіргі редакциясында прокурор заңда көзделген жағдайларда тек алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тұлғаның (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 193-бабының 6, 16-бөлімдері) әрекеттерін және (немесе) шешімін бекітеді.[3] Шынымен де, жаңа ҚР ҚПК тергеу судьясы мен прокурордың уәкілеттіліктеріне біршама өзгерістер әкелді. Сонымен қатар, қаулы келіп түскеннен кейінгі санкциялау мерзімі он екі сағатқа, ал қосымша материалдарды қарау мерзімі жиырма төрт сағатқа өзгертілген. 2. Бұрын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санк-

